

Данное обстоятельство характерно для второго этапа политического и государственного развития Казахстана.

В целях перехода к третьему этапу, придание необратимого характера позитивных результатов осуществляемых реформ, назрела необходимость децентрализация власти, расширение полномочий представительной власти, развития институтов самоуправления. Это позволит активизировать участие граждан в решении важных вопросов в жизни общества. Оценить возможное ориентирование формы правления Казахстана в будущем на полупрезидентскую или парламентскую форму правления.

Таким образом, решение проблем государственно-политического устройства и завершение разделения политической власти между заинтересованными группами после 2002-2005 году открыл третий этап проводимой в республике модернизации в политической системе общества. Конституционные реформы стали основой правового механизма взаимодействия и взаимовлияния, сотрудничества и взаимной поддержки, а не конфронтации и противостояния между ветвями государственной власти на современном этапе. Только согласованное функционирование органов государственной власти и системы сдержек и противовесов, определит синхронность и результативность всего казахстанского государственного механизма.

Список литературы:

1. Малиновский В.А. ЛИДЕР: президентская власть в Казахстане на рубеже эпох: Монография. - Астана: ТОО «Издательство Норма -К», 2012. - 528 с.
2. Назарбаев Н.А. Осмысление пройденного и дальнейшее демократическое реформирование общества. - Алматы, 1995. - 11с.
3. Суворов В.Н. Конституционный статус Президента Российской Федерации: Автореферат дис. докт. юридических наук. М., 2000. - 49с.
4. Чиркин В.Е. Глава государства. Сравнительно-правовое исследование. -М.: Норма: ИНФРА-М, 2012. С 240.
5. Халипов В.Ф. Наука о власти. Кратология. – М.: Ось-89, 2008. – 448 с.
6. Монтескье Ш.Л. О духе законов. Избранные произведения. М., 1955. – 800 с.
7. Калишева Н.Х. Разделение властей в условиях суверенитета //Мысль: Общественно-политический ежемесячный журнал - Алматы, 1997 №2
8. Послание Президента Республики Казахстан Н. Назарбаева народу Казахстана. Казахстанский путь-2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее. 17 января 2014. akorda.kz/ru/page/page_215750_poslanie-prezidenta-respubliki-azakhstan-n-nazarbaeva-narodu-kazakhstan-17-yanvary-2014-g
9. КазНПУ имени Абая, серия «Юриспруденция», № 2 (с.36), 2014

ҚАЗАҚ ӘДЕТ-ҒҰРЫП ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫНЫҢ ҚОРҒАЛУЫ

Е.А.Бөкетов аындағы ҚарМУ Ю-31(3) тобының студенті

Тайсюганова Багдана Жакслыковна

Ғылыми жетекші: Е.А.Бөкетов аындағы ҚарМУ аға оқытушысы Серикбаева С. С.

Әлемде, оның мәдени арналарында тарихи өлшем бойынша айтарлықтай маңызды, бірақ соған қарамастан адамзат үшін әлі де жұмбақ болып қалып отырған, лайықты деңгейде бағаланбаған құнды құбылыстар өте көп. Олар көбіне-көп тарих қойнауының шырғалаң қаптарларында шырмалып, өркениет дамуының сарабал жолдарынан түрлі себептермен тыс қалып қойды. Қоғамның мәдени және демократиялық дәстүрлеріне негізделген қазақ құқығы өзінің реттеушілік мәнін ХІХ ғасырға дейін, кейбір жағдайларда

XX ғасырдың басына дейін жоғалтпай сақтап келді. Қазақ құқығы – қазақ халқының және барлық көшпелі өркениеттің мәдени байлығы. Ол мыңжылдық тарихымен ерекшелігі және өміршеңдігімен, адам еркіндігін жақтаған сипаттарымен әлем назарына ілінді. Көшпелі қоғамның құқықтық өмірі өткен тарихының және Ұлы дала заңының рухани, мемлекеттік және саяси тәжірибесіне негізделген болатын. Қазақ әдет-ғұрып құқығының ішкі сыр-сипатына терең үңілсеңіз, оның о бастан адамның табиғи құқықтары мен еркіндігіне негізделгенін аңғару қиын емес. Қазақтың дәстүрлі құқығы осы сөзіміздің еңбасты дәлелі. Қанша ғасырлар өтсе де дәстүрлі құқық өз мәні мен мағынасын жойған жоқ, ол халықпен, ұлтпен, бізбен бірге жасап келеді.

Қазақ құқығы өсиет, қағидат пен адамгершілікке тәрбиелейтін құндылықтардың жиынтығы сияқты өнеге екендігін түсіндіретін дәлелдейтін кезде жеткен тәрізді. Қазақтың құқығын зерттеуде, ұшан теңіз үлес қосқан С.З.Зиманов, С.Сартаев, Қ.Жиреншин, З.Кенжеғалиев, Қ.Омарханов т.б. заңгер ғалымдардың еңбектерін қарастыру арқылы жүзеге асыруға болады. Біздің қозғап отырған мәселеміз тарихтан аларымыз, үйренеріміз бар екендігінің дәлелі болмақ. Елімізде бағыт алған «Рухани жаңғыру» бағдарламасы да жәйдан-жәй айтылған жоқ. Құқықтық мемлекетті дамытудың басты құндылығы адам құқықтары мен бостандықтарын барынша қорғау болып табылса, оны жетілдірудің механизмдерін қалыптастыру бізге міндет. Адам құқығы табиғатпен берілген қажеттіліктерін өтеуде іске асыратын әрекеттерінің жинағы десек те қателеспейміз. Ал, сол адамның қажеттіліктерін қамтамасыз етуде қызмет ететін мемлекеттің қалыптасып дамуы оны заңдастыруды қолға алды. Бұл әлемдік деңгейде де қалыс қалған жоқ. Адам құқықтары мен бостандықтары – жеке тұлғаның әлем қауымдастығы мойындап, халықаралық-құқықтық құжаттарда бекітілген, әлеуметтік және құқықтық тұрғыдан қамтамасыз етілген, ешкім шек қоймайтын немесе тыйым сала алмайтын құқықтары мен бостандықтары. Адамның қандай да бір игіліктерді иеленуін қамтамасыз ететін, өз еркімен іс- әрекет жасауына мүмкіндік беретін мемлекет пен бұқара арақатынасының негізгі қағидалары адам құқықтары мен бостандықтарына жатады. Адамзат қоғамында бұл мәселеге ежелден басты назар аударылған. Осы жөнінде ерте кезеңнен қалам тартқан батыс ғалымдарының да көзқарастарын еске алайықшы мысалы, Аристотель адам құқықтарын "*табиғи*" және "*шартты*" деп екіге бөледі. Адамның табиғи құқықтарын мемлекет орнатқан шартты құқықтардан жоғары қояды. Орта ғасырда адам құқықтары мен бостандықтары жасаған қайырымдылықтар, рақымшылықтар ретінде түсіндірілді. Өндірістік қарым-қатынастардың қарқынды даму сатысында өмір сүрген либерализм өкілдері - Т.Гоббс, Дж.Локк, Ш.Монтескье, Ж.Руссо, И.Кант, Т.Джефферсон, Т.Пейн және т.б. ойшылдар адам құқықтары мен бостандықтарына үлкен көңіл бөлген. Қағидалардың ең маңыздылары ретінде олар адамдардың еркін, қауіпсіз өмір сүруге, жеке меншік иеленуге тең құқықтарының болуын, халық биліктің негізгі иесі екендігін, биліктің тармақталуын, биліктің халық мүддесіне қызмет етуі керектігін атап көрсетті. Жүзеге асырылу ортасына қарай адам құқықтары мен бостандықтары азаматтық, саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени болып жіктеледі[1]. Саяси және азаматтық құқықтардың қазіргі тұжырымдары БҰҰ Бас Ассамблеясының Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында (1948 ж., 10 желтоқсан) баяндалған[2].

Қазіргі кезде адамның өмірі ең жоғарғы құндылық екені, оның құқықтары мен бостандықтарының ажырамастығы туралы идеяның өзіне лайықты баламасы жоқ. Адамзат тарихы мемлекеттік билік орнаған жерде адам құқықтары мен еркіндігінің қорғаушысы азаматтық қоғам белсенділігін арттырмаса, қоғамдық басқа басымдылықтарын шектеуге, тоталитардық режимдердің орнауына алып кететінін дәлелдейді. Адамның табиғи ажырамас абсолюттік құқықтары доктринасының адамның өмірі ең жоғарғы құндылық екендігі туралы идеяны бекітуде оң роль атқарғаны даусыз. Бұл тұрғыдан алғанда адамның табиғи ажырамас құқықтары мен бостандықтары идеяларының Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітіліп, адамның мемлекеттік саясаты салыстыру үшін бағдар қызметін атқаратынына ерекше назар аударылуы өте орынды.

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясынан басқа жалпы мойындалған халықаралық актілерінің қағидаларын кеңінен қабылдап, қайталаған Қазақстан Республикасының 1993 жылғы тұңғыш Конституциясын, сондай-ақ 1995 жылғы қабылданған қолданыстағы Конституциясының адам құқықтарын қорғау аясында алдыңғы Конституциямен сабақтастығын сақтап, оның негізгі қағидаларын, яғни адам құқықтары мен оның табиғи сипатын, халықаралық құқықтың жалпы жұрт мойындаған нормалары мен қағидаларының ішкі заңнамадан басымдылығын, мемлекеттің азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын қорғауға міндеттілігін және басқа да көптеген мәселелерді бекітіп, дамытты. Қазақстандағы әлеуметтік заңнаманың жүйесі мен мазмұнының дамуына үлес қоса отырып, қайта құру және одан кейінгі кезеңдерде бірсыпыра факторлар әсер етуі арқылы адам құқықтарын қорғаудың механизмін де қалыптастырды.

Қазақстан Республикасының Конституциясында тек әлеуметтік мемлекеттің ғана емес, сонымен бірге құқықтық мемлекеттің де қағидалары дамытылады. Тұңғыш рет мемлекет пен тұлғаның қарым-қатынасы сот негізінде қойылды, барлық құқықтар мен бостандықтарды сотта қорғау құқығы бекітілді, заңға мемлекеттік органдар, азаматтар мен олардың бірлестіктері араларында туындайтын барлық дауларды сот жолымен шешу қағидасы енгізілді. Адамның құқықтары мен бостандықтары мен мүдделерін басымдылықпен қорғау қағидасын бекітудегі келесі маңызды қадам – Қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңдарының қабылдануына орай Конституцияның талаптарына сай адам және азамат құқықтары мен бостандықтары берілетін кепілдік кеңейтілді.

Қазақстан Республикасы Конституциясында адам құқықтары мен бостандықтарының адам құқықтарының халықаралық стандарттарынан бастау алып, бекітілуінің аса маңызды факт екендігін айта кеткен жөн. Қазақстан Республикасы Конституциясында бекітілген адамның құқықтары мен бостандықтары заңдардың, мемлекеттік билік органдары мен олардың лауазымды тұлғаларының қызметтерінің мәнін, мазмұнын көрсетеді. Конституция құрамындағы бұл маңызды ережелер мемлекеттік органдардың қызметін реттейтін бөлімдердің алдында келтірілген, бұл мемлекеттің адамды, оның өмірін, құқықтары мен бостандықтарын ең жоғарғы құндылық деп санап, қоғамның оның мүдделерін мемлекеттен жоғары қоятынын көре аламыз.

Қазақстан Республикасы Конституциясында адам мен азаматтың азаматтық және саяси құқықтары мен бостандықтарының бекітілуінің арқасында бұл құжат адамның дербестігін, жеке-дара мүдделердің әрекет кеңістігін қорғаудың құқықтық кепіліне айналды. Мемлекет барлығын бақылаушы және барлығына қол сұғушы ұйымының ролін атқаруға ұмтылмайдығын дәлелдеп тұрғандай. Бұл Қазақстанда азаматтық қоғам орнатудың маңызды алғышарты болып табылады. Нақ осы тұлғаның белгіленген дербестігі оның қорғалғандығы, белсенді әрекеті және қоғам мен мемлекеттің мәселелерін шешуге қатысу үшін жағдайлар жасау тәуелсіздігі желбіреген Қазақстанда азаматтық қоғам қалыптастырудың негізі болып отыр. Оның үстінде, Конституцияда бекітілген құқықтар мен бостандықтар жазылып қана қойған ереже емес, оларды қорғаудың және кепілдік берудің нақты механизмі бар.

Адам құқықтары мен бостандықтарын қорғауда қазақтың дәстүрлі құқығының алар орны ерекше. Оны билер сотының тәжірибесінен көруге болады.

Далалық қоғамда билер институты өзіндік рөлге ие болды. «Сот реформасы туралы жазбаларында» Шоқан Уәлиханов былай деген: «Қырғыздарда (қазақтарда) би атағы халық тарапынан формальді сайлау өткізумен немесе сол халыққа басшылық етіп отырған билік басындағылардың шешімімен берілмеген, бұл құрметті атақ тек сот дәстүріндегі терең таным мен шешендік өнерді меңгерген адамға ғана берілген... Билердің маңызы беделге негізделген, ал атақ сот тәжірибесінде берілген куәлік сияқты болды». [3,93] Осылайша, билер билігіндегі басты мақсат мемлекеттік мәжбүрлеу күш емес, бедел болды.

Көшпелілерде үлкен әлеуметтік және саяси күш әлеуметтік өзіндік ұйымдасуының негізгі нысаны – рулар мен тайпаларға түсті. Мысалы, қазақтар малына деген жеке меншік алғанымен, жерді тек ұжымдық түрде ғана пайдаланатын.

Жеке адамдардың құқығы мен ұжымдық құқықтың бұзылуынан туындаған қақтығыстарды шешудің механизмі билер институты болды. Олар соттың қызметін ғана емес, кей-кезде әкімшілік міндеттерді де атқарды. Әлеумет өмірі мен тұрмысын реттеуде билер тікелей немесе жалпылама да ықпал етумен ерекшеленген, сондай-ақ қажетті кезде құқық ережелеріне уақыт талабына сай өзгерістер мен толықтырулар да енгізіп отырған.

Дауларды шешуде билерге құқықтық әдет-ғұрып заңдарын білудің аздық ететінін, өмірлік және кәсіби тәжірибенің, адамдарды бақылау, сараптама жасау қабілетінің аса маңызды факторларға жататындығын анық көруімізге болады. Бұрынғы қазақ жұртының би шешендері даулы мәселені түйінді төрт-ақ ауыз сөзбен тындырып отырған. Тындырғанда да хатсыз, қарарсыз, ауызша жүзеге асып, бітіп жатқан. Атқарғанда да ол биер көсемі, бітімі көпшіліктің көзінше жария етіп отырған. Ешқандай құпия, алдын ала ымыраласу, пәтуаласу деген болмаған. Билер өзінің сөзін: «Ал халайық, бұған не дейсіндер, ризамысындар?» деп көпшілікке салып мақұлдауын күтеді екен. Осы күнгі айтып жүрген жариялылық, демократиялық, адамгершілік пен гуманистік дегеннің өзі осы емес пе..?

Әділдігімен, турашылдығымен жұрт көңілінен шығып отырған билер ең алдымен ел бірлігі мен татулығын ойлады. Адам құқықтарын қорғауда билер институтының атқарған ролі қыруар десекте болады. Өмір сүру тәртібінде адамдардың «қылмысты болды»- деген мәртебеден аулақ болу үшін, соның ішінде әсіресе жастардың болашағы үшін үлкен мүмкіндіктер жасаған халық ішіндегі осы билер соты болатын. Билер институты қазақ жерінің берекесі, отан сүйгіштік, ерлік және ар-ождан сияқты маңызды қасиеттерді жоғалтпауға және адами құндылықтарды сақтауға үйретіп отырды. Сондықтан да халық өзінің от ауызды, орақ тілді, қара қылды қақ жара әділ билік айтатын шешен билерін ханнан бетер қадірлеп, сыйлап, олардың айтқан кесімді, бітімді сөздерін жадында сақтап келген.

Қазақ қоғамының дәстүрлі құқығы қазақ адамдардың құқықтар мен бостандықтары қорғаудың маманданған институты ретінде билер сотының демократилық жолмен жүргені турасындағы деректер Шоқан Уәлиханов жазбаларында көп кездеседі.

Біріншіден, іс созылып, би «ала қойды бөле қырқатын» кейіп таныта қалса, айыпталушы мен жәбірленуші кез келген басқа биді таңдауға құқықты болған.

Екіншіден, дауласушы тараптардың қай-қайсысының да сот шешімін әділетсіз деп тауып, келесі бір биге шағымдануына еш шек қоймаған.

Үшіншіден, айыпталушыға қарсы айғақтар жеткіліксіз болып жатқан жағдайда, билер алқа мүшелігіне туыстарының ішінен адал, беделі жоғары билік тартып, оған сотталушыны не жақтап, не даттап, ант қабылдануына құқық берген. Алқа мүшелерінің саны мен оларды тыңдау қаралып отырған істің салмағына байланысты болған.

Төртіншіден, билер соты қалың елдің алдында ауызша өтті және барлық жағдайда, қорғаушы қатыстырылды.

Бесіншіден, билер сотын халықтың құрметтегені соншалық, ешқандай шара қолданудың қажеті де жоқ еді. [4,88] Басқаша айтқанда, әдет-ғұрыптың құқықтық реттеуі жоғары болғаны соншалық сот билігінің орындалуы қоғамның өз ішінде-ақ, мемлекеттің араласуынсыз - ақ өте беретіндігінен көруге болады.

Жоғарыда айтылғандардың барлығы, айналып келгенде, дәстүрлі құқықтың көшпелі қоғамдардың саяси жүйеге бейімділілік қабілетінің жоғарлығын көрсетеді, әралуан арнадан келіп жатқан ақпарат бұқараны өз-өзінен-ақ билік тұрақты әрі табанды қызмет етуін қамтамасыз етті. Негізгі, орта ғасырлық қоғамның өзінде-ақ билікті бөлісудің өзіндік жүйесі болған. Хандық билік институты қанша жерден монархиялық болса да, сайлауға да жол берді, яғни адамдардың құқығының сол кездің өзінде жүзеге асыруына көңіл бөлінгені көрініп тұр. Қазақ қоғамындағы биліктің негізгі әрі басты ерекшелігі – билік

өкілеттігіне ие адамдар тағыйындалғаннан немесе сайланғаннан гөрі халық арасында мойындалуы тиіс болатын, яғни «басқарушы» деген атақ тек еңбегі сіңген құрметті адамға ғана берілетін, яғни адам құқығының орындалуы мемлекетпен ғана емес халық арқылы да жүзеге асырылады және оған қоғам мүдделі болатынын түсінуге болады. Сайланған ханды ақ киізге отырғызып көтеру салты немесе билерге сот-әкімшілік, әскери-саяси және дипломатиялық қызметті мерзімсіз атқаруға рұқсат беру тек халықтың мойындауынан кейін ғана мүмкін болды, мұның өзі билік легитимділігінің талапкердің еркінің «мойындау акті» сияқты тежемелік жүйенің ерекше қырлары да аракідік өзінің сипатын байқатып отырады. Хандар тек соңғы шешеімді заңдық негізде қабылдауға ғана құқылы еді, [5,75] ал хандар кеңесінің қандай да бір мемлекеттік мәселелерді талқылағанда, олар көпшіліктің пікірімен санасуға мәжбүр болатын. Мұндай жағдай да халықтың мүддесі арасынан шыққан билер арқылы көзделіп отыратын. Биліктің жекелеген институттарының сайланбалы тәжірибесінің кең тарауы нәтижесінде, билік ресурстарының қайта құрылуы жүзеге асты, бұл саяси жүйенің бейімділік қабілетін арттыра отырып, аксүйектердің, қоғам қаймақтарының, қоғам мүшелерінің мұқтаждығына немқұрайлы қарамай өте жауапкершілікпен қарауға жол ашты. Бұл жерден тарихтың өзінде адамдардың құқығына және бостандығына немқұрайлы қарамау, құрмет тұту, қажетті уақытта қорғауға қоғам болып жұмылу арқылы жүзеге асқандығының куәсі бола аламыз. Қазақ әдет-ғұрып құқығы бойынша сот әділдігін жүзеге асыру халықтық және адамгершілік идеологиясына негізделген.

Қорыта келгенде айтарымыз, адам құқықтары мен бостандықтарын қорғауда өз еліміздің тарихынан алар тәжірибеміз ұшан теңіз. Неге десек жоғарыда айтып кеткендей қазақтардың дәстүрлі қоғамындағы адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету мен қорғау тәжірибесінде әр адамның өз ойын еркін жеткізуіне рұқсат берілген нақты дәлел бола алады. «Жан беру» институтының өзі адам құқықтаны мен бостандығына елеусіз емес, маңызды баға жетпес құндылық ретінде қарағандықтың негізі бола алады. Кеңестік дәуір саясаты еліміздің тарихын өз қалауларына пайымдап бұрмалағандығының әсерінен шыға алмай келе жатқан да жәйіміз бар. Жаман іс, жаман қылық жасағандарын қамаусыз, қараңғы түнексіз үш найзаның астына байлап ар сотының алдында тәубесіне келтіру арқылы жауапқа тартуы адамның абыройын таптау емес, қайта тәрбиелеудегі саналы бағыт десек келісетін шығарсыздар. Әдет заңының көздеген мақсаты айыптыны жазалау емес, жазалай отырып қылмыстық істің кесірінен орын арлағ зардаптың орнын толтыру. Ал, қазір ше... жазалау бар да орнын толтыру назардан тыс қалып жатады, сөйтіп жәбірленуші тарап қылымстық немесе даулы істен келген шығыны мен бұзылған құқығы қалыпқа келтірілмей қалыс қалуда. «Дат» құқығын, әдетте, сотталғандар немесе үкімге кесілгендер пайдаланатын, ондайлардың заңға немесе хандық биліктің басқа да өкілдеріне наразылық білдіріп, келіспеушілік танытуына қазақ халқының тарихында мысал көп.

Ал, бұл қазақ қоғамының тарихы шындық пен әділеттілікке негізделгендігінің тағы бір көрінісі екендігінің дәлелі болмақ. Қазақ әдет-ғұрып құқығы тұнып тұрған адами құндылықтардың бейнесі екендігін қазақ құқығының майталмандары, қорғаушысы, қалыптастырушысы, дамытушылары билеріміздің қызметі мен өнегесінен көре аламыз.

Осындай салыстырулар нәтижесінде еліміздің байырғы заңдар мен мәдениет өлшемдері тарихи ескерткіш ғана емес, рухани жаңғырудың өзекті бастамасы бола алады деген ой – тұжырым жасай аламыз.

Қазақ даласын патшалық режимінің отарлауы, Ресей империясы үшін ортақ сот жүйесінің енгізілуі адам құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың дәстүрлі механизмдерінің айтарлықтай өзгеріске ұшырауына және бұл процестің еш қисынсыз жоғары дәрежеде мемлекеттің атын жамылып билікте отырғандардың саясати ойын алаңындағы әлім жеттілігіне алып келді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2007.
2. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы (Декларация Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының резолюциясымен 1948 жылғы 10 желтоқсанда № 217 А (III) қабылданған)
3. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Алма-Ата, 1985.
4. Валиханов Ч.Ч. Корс. Шығармасы.
5. Баласағұн Жүсіп. Құтты білік. – Алматы. 71 б
6. Қинаятұлы З. Қазақ мемлекеті және Жошы хан. – Астана, 2004.95б
7. Хасенов Ә. Қазақ тарихының бес мың жылдық баяны. – Алматы, 1996. 43б
8. Нұртазина Н. Қазақ мәдениеті және ислам (тарихи- мәдениеттанулық зерттеу). – Алматы, 2002.26 б

ОПРЕДЕЛЕНИЕ И СОДЕРЖАНИЕ РЕГУЛИРОВАНИЯ ОБЩЕСТВЕННЫХ ОТНОШЕНИЙ В СФЕРЕ РЕЛИГИОЗНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ И РЕЛИГИОЗНОЙ СИТУАЦИИ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

*Турлаев С.А. Магистрант факультета философии и психологии
Карагандинский университет им.Е.А.Букетова*

*Какимова М.Ш. Профессор кафедры теории и истории государства и права,
к.ю.н., доцент
Карагандинский университет им.Е.А.Букетова*

Религиозная деятельность закрепляется в казахстанском законодательстве как деятельность, которая направлена на удовлетворение религиозных потребностей верующих [1]. В других источниках религиозная деятельность определяется в качестве деятельности, специфическим признаком которой является стремление к контакту с надчеловеческим духовным миром, при этом установление этого личного контакта осуществляется в форме религиозного обряда, богослужений, церемоний, религиозного воспитания и обучения, а также в иных формах [2,179]. При этом в специальной литературе выделяется религиозная и нерелигиозная деятельность верующих. К первому виду относятся все виды деятельности, не связанные с религиозной деятельностью. Саму религиозную деятельность подразделяют на: внекультовую и культовую деятельность. Внекультовая деятельность реализуется посредством духовной практики, под которой понимается процесс самосовершенствования личности в соответствии с определенным вероучением. Сюда же следует отнести разработку религиозных концепций, систематизацию догматов и религиозных постулатов. К внекультовой деятельности относят и производство культовых предметов, богословское преподавание, осуществление миссионерской деятельности.

Религиозная деятельность как религиозный культ заключается в почитании объекта поклонения. К этому виду религиозной деятельности относятся религиозные действия, которые определены каноном. Содержание этой деятельности обусловлено религиозными идеями, догматами, священными текстами и, в целом, религиозными представлениями. В качестве предмета культа рассматриваются высшие силы и иные объекты, осознаваемые как религиозные образы. При этом предполагается, что к этим объектам относятся высшие существа, обладающие сверхъестественными способностями. В качестве субъекта культа рассматриваются люди, объединенные религиозными потребностями, это может быть и один человек и определенная группа людей. Основой объединения этой группы и основным мотивом их участия являются религиозные стимулы. К таким стимулам